

Kazakh transcript:

Сонда менің әкем жылап келе жатады. Бірақ жаңағы шанасың тастамайды. «Неге?», десеңіз, шаңасыз қалса, онда қысқа ет жоқ болады, қыста ет жоқ болса, аш қыс болады. Қардың астынан аздап тастар жинап, қасқырлар жаққа лақтырады, бірақ қасқырлар оған қоймай, жақындай береді. Ең аяғы менің әкем сол қасқырлардың көздерін жанып, жақындап бастағанын көреді. Сондада жаңағы шаңасын тастамай, тезірек жүре береді, жүре береді. Сол кездерде таудың үстіне шықса, таудың артында ауылдың шамдары жанып, ауыл көрінеді. Соны көрген бала қатты дауыстап жылап жіберіп, жүгіріп, бақырып. Ол бақырғанына елдер шығып және баланы қарсалып ауылға кіргізеді.

Солай бір неше жыл өтеді. Менің әкем біраз өсіп үлкен бала болып қалады. Сол кездерде Қазақстанда өте қиын жылдар – аштық жылдар басталады. Әкемнің шешесі жаңа жанұйя құрады. Сол кезде менің әкемді жетімдердің үйлеріне жібереді. Жетімдердің үйлерінде әрі қарай оқуын оқып өмірін сүреді. Ол кезде менің әкеме ғана емес, бүкіл Қазақстан халқына өте қиын жылдар болады. Аштық... Сонда менің әкем қайткен. Ол кісі математика сабағынан өте жақсы болатын. Сонда өзінің дәптеріне бәрі есептерді шығарып математикадан, басқа балаларға сол есептерді нанға ауыстырады екен. Жаңағы сабақты жақсы білмейтін балалар: «Есебінді берші. Көшіріп алайық» - дегенде менің әкем соны нанға ауыстырады екен. Сүйтіп, нан жеп, бір күні аш болып, бір күні нан жеп, айтуір солай жаңағы жетімдердің үйлерінен менің әкем аман-есен оқуын бітіріп шығады. Менің әкем он тоғыз жасқа келеді. Сүйтіп ол он тоғыз жасқа келген кезде, бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл басталады. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы біздің бүкіл Совет Одағымызға фашистық Германиямен соғыс ашылады...

English translation:

So, my father was running and crying. But he didn't abandon his sledge. Why? Because, if he dropped his sledge, he would lose meat for the winter. If they did not have meat in winter, it would be a hungry winter. He found some stones under the snow and began throwing them at the wolves, but wolves were coming closer and closer. Then, he saw wolves' eyes approaching him. But he didn't abandon his sledge and was going faster and faster. At that moment he reached the top of the mountain and saw the lights of his village. When he saw it he ran crying and shouting loudly. People heard him and got him to the village.

So some years passed. My father grew up and became a bigger boy. That was the time when famine began in Kazakhstan. My father's mother got a new family. Then my father was sent to the orphanage. He lived in the orphanage and continued going to school. Life

was very difficult not only for my father, but for all Kazakhstani people. Famine... So, what did my father do? He was very good in math. He would do his homework and would exchange it for bread with other children. When children who didn't know their subjects very well asked my father: "Give us your homework, please. Let us copy it", he would exchange it for bread. So my father finished school in the orphanage one day being hungry, another day chewing some of the bread. So, he was 19 years old. It was 1941 when father turned 19. In 1941 the war with fascist Germany began...

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated